

15.10.2025 жылдан бастап күшіне енеді

1. Жалпы ережелер

1.1 Осы Қызмет көрсету шарттары («Келісім») Сіз («Сіз», «Пайдаланушы» немесе «Жолаушы») және «Bolt Services KZ» (Болт Сервисес КЗ) Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, бизнес сәйкестендіру нөмірі 190740019101, немесе оның үлестес тұлғалары («Bolt компаниясы», «Біз», «Бізді», немесе «Біздің») арасында жасалады және (i) электрондық скутерлер мен электронды велосипедтер сияқты Қосымшада қолжетімді кез келген адам басқаратын және электр жетегі бар көлік құралдары (бірге - «**Электр көліктері**»); (ii) Электр көліктеріне қол жеткізу және оларды пайдалану үшін әзірленген мобильді қосымша («**Қосымша**»); және (iii) қуаттау, техникалық қызмет көрсету, алып кету және соған ұқсас басқа да қызметтер («**Қатысты қызметтер**») пайдалануыңызға қатысты құқықтық негіз болып табылады (бұлардың барлығы бірігіп «**Қызметтер**» деп аталады). Қызметтердің қолжетімділігі мен ауқымы орналасқан жерге және уақытқа байланысты өзгеріп отыруы мүмкін және Bolt компаниясының қалауы бойынша өзгертуге жатады.

1.2 Егер бізбен байланысу қажет болса:

1.2.1 Біздің заңды мекенжайымыз: Қазақстан, Алматы қ., Бостандық ауданы, Байзақов көшесі, 280 үй, 2 қабат, № 3 тұрғын емес үй-жай, пошта индексі 050040.

1.2.2 Онлайн: Қосымшадағы чат функциясы арқылы біздің тұтынушыларды қолдау қызметімен байланыса аласыз.

1.3 Келісімнің құрамдас бөлігі ретінде және оған сілтеме арқылы енгізілетін келесі құжаттар міндетті болып табылады:

1.3.1 Осы Келісімге А қосымша ретінде тіркелген Электр көліктерін пайдалану ережелері («**Жүргізу ережелері**»);

1.3.2 Қосымшада және, қажет болған жағдайда, Қосымшаның қауіпсіздік құралдар жиынтығында («**Қауіпсіздік жиынтығы**») көрсетілген Электр көліктерін пайдалану бойынша қауіпсіздік нұсқаулары;

1.3.3 Қосымшада көрсетілген қолданылатын тариф кестесі («**Тариф кестесі**»), сондай-ақ Қосымшада көрсетілетін басқа да бағалар, Негізгі абонемент пен Топтама абонементіне (4.1-бөлімінде анықталған) қатысты ережелер, қолданыстағы промокод шарттары, нұсқаулар мен нұсқаулықтар (қажет болған жағдайда, Электр көлігінің пайдаланушы нұсқаулығын қоса алғанда), және Қосымшада көрсетілетін өзге де нұсқаулар;

1.3.4 Осы Келісімде сілтеме жасалған басқа да коммерциялық және өнімдік шарттар, соның ішінде қызмет сипаттамалары, саясаттар мен хабарламалар, Қосымшада немесе <https://bolt.eu/en/privacy/> сілтемесі бойынша қолжетімді Микромобильділікке арналған Құпиялылық Хабарлама («**Құпиялылық саясаты**») оның қатарына кіреді және Қызметтерді пайдалану шеңберінде жеке деректеріңізді өңдеуге қатысты тиісті түрде (mutatis mutandis) қолданылады;

1.3.5 Сапар жүзеге асырылатын елге немесе қалаға («**Қызмет көрсету аймағына**») тән қосымша шарттар.

1.4 Қызметтеріміздің дамуымен байланысты, Біз осы Келісімге кез келген уақытта өзгерістер енгізу құқығын өзімізде қалдырамыз. Өзгерістер енгізілген Келісімнің немесе оның қосымша шарттарының мәтіні біздің веб-сайтымызда немесе Қосымшада жарияланып, тіркелу кезінде көрсеткен электрондық пошта мекенжайыңыз арқылы Сізге хабарланады. Аталған өзгерістер Сізге тиісті хабарлама жіберілген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні өткен соң күшіне енеді («**Өтпелі кезең**»). Қызметтерді осы мерзімнен кейін де пайдалануды жалғастыруыңыз өзгертілген Келісімнің шарттарын қабылдағаныңызды білдіреді.

Bolt компаниясы Қызметтерін пайдалану үшін тарифтерді, алымдарды және баға құрылымдарын кез келген уақытта біржақты тәртіпте өзгертуге, жаңартуға немесе қайта қарауға құқылы, бұл ретте мұндай өзгерістер Қосымшада алдын ала жариялануға тиіс. Мұндай өзгерістер жарияланған сәттен бастап күшіне енеді және олардан кейін басталған барлық сапарларға қолданылады.

Пайдаланушы әрбір сапарды бастамас бұрын қолданыстағы тарифтер мен алымдарды қарап шығуға міндетті. Сапарды бастау – Bolt компаниясы ұсынған, Пайдаланушы көрсеткен сапар параметрлеріне сәйкес бағаны қабылдау және келісу болып есептеледі. Қызметтерді тариф жаңартылғаннан кейін де пайдалануды жалғастыру – болашақ сапарлар үшін өзгертілген бағаны қабылдау болып саналады.

2. Қосымшаны пайдалану

2.1 Қызметтер Қосымша арқылы жүзеге асырылады. Қосымша бірнеше тілде қолжетімді, оларды өзіңіздің профиліңізде өзгертуге болады. Қосымша арқылы көлік қажет ететін тұлғалар Электр көліктерін өздерінің географиялық орналасуы туралы деректерді бөлісу арқылы таба алады. Сізге Қызметтерді ұсыну үшін біз Қосымша арқылы құрылғыңыздың орналасқан жерін бақылауымыз мүмкін. Қызмет көрсету құрылғыңыздың орналасқан жеріне байланысты шектеулерге ұшырауы мүмкін. Мұндай шектеулер Қосымшаның интерфейсінде көрсетіледі. Біз барлық юрисдикцияларда Қызмет көрсетпейміз. Қызметтеріміздің қолжетімділігі уақыт өте өзгеруі мүмкін болғандықтан, юрисдикциялар тізімі түпкілікті болып саналмайды.

2.2 Қызметтерді пайдалану үшін Қосымшаны орнатып, пайдаланушының тіркеулік жазбасын («**Тіркеулік жазба**») тіркеу қажет. Қосымшаны орнату барысында Сіздің мобильді нөміріңіз Тіркеулік жазбаңызбен байланыстырылып, Біздің дерекқорымызға енгізіледі.

2.3 Біз Сізге сапалы қызмет көрсету үшін Қосымшаны уақыт өте жаңартып отыруымыз мүмкін. Қосымша арқылы қолжетімді Қызметтерге тек интернет байланысы арқылы ғана кіруге болады. Интернетке қосылуға қатысты нақты техникалық талаптар қойылмайды, алайда қызмет сапасына интернет жылдамдығы әсер етуі мүмкін. Қосымша Android және Apple құрылғыларында, олардағы соңғы бағдарламалық жаңартуларға сәйкес қолжетімді.

2.4 Қосымшада қандай да бір ақаулар орын алған жағдайда, Біз оларды мүмкіндігінше тез арада түзетуге күш саламыз. Алайда, Сіз Қосымшаның функционалдығы кейде Bolt компаниясының ақылға қонымды і бақылауынан тыс техникалық ақауларға байланысты шектелуі мүмкін екенін мойындайсыз, және Біз Қосымшаның үнемі кідіріссіз, мінсіз жұмыс істеуіне кепілдік бере алмаймыз. Қолданыстағы заңнамада рұқсат етілген шектерде, Қосымшаның жұмыс істемеуінен немесе күткендей пайдалануға келмейтіндігінен туындайтын қандай да бір залалдар үшін жауапкершілік алмаймыз.

2.5 Мобильді құрылғыны өндірушінің нұсқауларына қайшы түрде «root» құқығын орнату, «jailbreak» (құрылғыны бұзу) жасау немесе аппараттық не операциялық жүйе деңгейінде кез келген өзгерістер енгізу оны қауіптерге ұшыратады. Сіз осындай өзгертілген құрылғыны пайдалануға байланысты туындайтын қандай да бір залалдар үшін Біз жауап бермейтінімізді және мұндай құрылғыларды қолдауға міндетті еместігімізді мойындайсыз.

2.6 Осы Келісімнің шарттарын сақтауыңызға байланысты, Біз Сізге Қызметтерді пайдалану мақсатында Қосымшаны жеке құрылғыңызда пайдалану үшін шектеулі, айрықша емес, сублицензияланбайтын, қайтарылатын және берілмейтін лицензия береміз.

2.7 Біз Қызметтерді жобалау, ұсыну және қолдау барысында, мүмкіндігінше және өзге келісілген талаптарға қайшы келмеген жағдайда, сала стандарттары мен үздік тәжірибелерге, мысалы, ISO 27001/27002, сәйкес әрекет етеміз. Егер кредиттік карта

деректері өңделетін болса, онда Төлем карталары индустриясының деректер қауіпсіздігі стандарты да сақталады.

3. Пайдаланушыға қойылатын талаптар және Тіркеулік жазбалар

3.1 Сіз келесі шарттарға сәйкес келген жағдайда Қызметтерді пайдалануға құқылысыз:

3.1.1 Сізде Тіркеулік жазба бар;

3.1.2 Сіздің Тіркеулік жазбаңыз Қосымшада қолдау көрсетілетін жарамды кредиттік немесе дебеттік картаға немесе басқа төлем әдісіне байланыстырылған, мысалы, Bolt Бизнес немесе Отбасылық тіркеулік жазбасы («**Таңдалған төлем әдісі**»);

3.1.3 Сіз кемінде 18 жаста боласыз және Қызмет көрсету аймағыңыздағы қолжетімді Электр көліктерін пайдалану үшін қолданыстағы Жергілікті заңнамаға сәйкес оларды басқаруға заңды түрде рұқсат етілгенсіз (егер белгілі бір жағдайларда Электр көліктерін шектеулі түрде пайдалануға жас шектеуі төмендетілген болмаса);

3.1.4 Сіз Қызметтерді пайдаланып жатқан Қызмет көрсету аймағында Электр көлікті басқару үшін жүргізуші куәлігі талап етілетін болса, жарамды жүргізуші куәлігіңіз бар;

3.1.5 Сіз физикалық тұрғыда жарамдысыз және Электр көліктерін қауіпсіз әрі білікті түрде пайдалану үшін қажетті дағдылар мен тәжірибеге иесіз;

3.1.6 Сіз Тіркеулік жазбаны тек өзіңіз ғана пайдаланатыныңызды, және төменде 4.6-бөлімінде көрсетілген Топтық сапарларды қоспағанда, оны басқа ешкімге пайдалануға бермейтініңізді растайсыз.

3.2 Тіркеулік жазбаны жасау және пайдалану барысында Сіз келесілерге келісесіз:

3.2.1 Тіркеулік жазбаны тіркеу кезінде тек өзіңіздің нақты атыңызды, шынайы жеке деректеріңіз бен картаңыз туралы нақты ақпаратты енгізуге және бұл ақпаратты әрдайым өзектілікте ұстауға келісесіз;

3.2.2 Қызметтерге қол жеткізу немесе оны сақтап қалу үшін Сізден жүргізуші куәлігіңізден немесе мемлекеттік жеке куәлік құжатыңыздан алынған сурет түрінде жеке басыңызды растайтын құжатты ұсыну талап етілуі мүмкін екендігіне келісесіз;

3.2.3 Сіз өз Тіркеулік жазбаңызға қолжетімділікке, бақылауға және қауіпсіздікке жеке жауаптысыз және: (i) Тіркеулік жазбаңыздың пайдаланушы аты мен құпия сөзіне;

(ii) осы Тіркеулік жазба арқылы жасалатын барлық әрекеттерге, соның ішінде, бірақ олармен шектелмей, Электр көлігін іске қосу (блокты ашу), пайдалану, тоқтату (сапарды аяқтау), және оны осы Келісімге, сондай-ақ қажет болған жағдайда рұқсат етілген тұрақ аймағына сәйкес дұрыс қою жауапкершілігіне ие боласыз, егер Сіз 3.2.4-бөлімге сәйкес Тіркеулік жазбаңыздың рұқсатсыз пайдаланылғаны туралы хабарлама жібермесеңіз. Біз Сіздің пайдаланушы атыңыз бен құпия сөзіңізді пайдаланған кез келген адам Сіздің рұқсатыңызбен әрекет етіп отыр деп есептей аламыз;ы

3.2.4 Егер Сіз өз Тіркеулік жазбаңызға рұқсатсыз қолжетімділік немесе пайдалану фактісін, не болмаса Тіркеулік жазбаңызға бақылау жоғалуына себеп болуы мүмкін кез келген жағдайды байқасаңыз, бұл туралы бізге дереу хабар беруге келісесіз;

3.2.5 (i) Алаяқтықтың алдын алу, тәуекелді бағалау, тергеу жүргізу және тұтынушыларды қолдау мақсатында, бірақ оған шектелмей, Қосымшаны заңды түрде пайдалану үшін, (ii) осы Келісімнің, Жүргізу ережелерінің және Қауіпсіздік жиынтығының талаптарын орындауды қамтамасыз ету мақсатында, (iii) қолданыстағы заңға, соттың, құқық қорғау органдарының, басқа да әкімшілік не мемлекеттік органның талаптары мақсатында, немесе (v) осы Келісімде көзделген жағдайларда, біз Сіздің Тіркеулік жазбаңызды уақытша тоқтатуға, шектеуге немесе бұғаттауға құқылы екенімізге келісесіз;

3.2.6 Қызметтерге байланысты біз Сізге SMS-хабарламалар, push-хабарламалар және электрондық хаттар жіберуіміз мүмкін екендігіне келісесіз;

3.2.7. Сіз келесілерге кепілдік бересіз:

3.2.7.1. осы Келісімнің 3.1-бөлімінде көрсетілген жарамдылық шарттарына сәйкес келетін құжаттар (жеке басын куәландыратын құжат, жүргізуші куәлігі, сертификатталған автомектепте оқуды сәтті аяқтауды растайтын құжат, жүргізуші куәлігін алған кездегі медициналық анықтама) қазіргі уақытта жарамды немесе тиісті кезеңде жарамды болған;

3.2.7.2. Қызметтер аясында Электр көліктерін тек сау күйде пайдаланасыз.

3.2.8. жарнамалық электрондық хаттарды немесе Қосымша ішіндегі қалқымалы терезелерді қоса, бірақ олармен шектелмей, маркетингтік хабарламаларды алуға келісім бересіз.

4. Электр көліктерді пайдалану

4.1 Қосымша арқылы Электр көлікті бұғаттан шығару арқылы Сіз осы Келісімнің шарттарына және жалға алу мерзімінде қолданылатын Тариф кестесіне сәйкес, Электр көлікті ақысы бойынша төлеу жүйесімен («**Негізгі абонемент**») немесе топтамалық абонементпен («**Топтамалық абонемент**») жалға алуға келісім бересіз.

4.2 Сіз Электр көлікті әр жолы бұғаттан шығарып, сапарды бастаған кезде, келесіні растайсыз және тікелей келісесіз:

4.2.1 Қолданыстағы барлық жол қозғалысы ережелері мен нормативтерін сақтайтыныңызға;

4.2.2 А қосымшасындағы Жүргізу ережелерімен, В қосымшасындағы Қызмет көрсету аймағына қатысты Жергілікті ережелермен, Қауіпсіздік жиынтығымен және Қызмет көрсету аймағына қатысты өзге де қолданылатын шарттармен танысып, оларды толық түсініп, сақтайтыныңызға;

4.2.3 3.1-бөлімде көрсетілген жарамдылық талаптарына сәйкес келетінінізге;

4.2.4 Электр көлікті, оның ішінде орнатылған GPS құрылғыларын немесе Қызметке қатысты кез келген өзге де технологиялар мен жабдықтарды өз бетінше бұзбайтыныңызға немесе өзгерістер енгізбейтінінізге.

4.3 Электр көлікті бұғаттан шығару арқылы Сіз келісесіз және міндеттенесіз:

4.3.1 Электр көлік және оған қосылған кез келген жабдық әрдайым Біздің меншігіміз болып табылатынын мойындайсыз және Сіз бұл көлікті және оған қосылған кез келген жабдықты бөлшектемейсіз, өзгертпейсіз, жөндемейсіз, вандализм әрекеттерін жасамайсыз және оған қандай да бір зиян келтірмейсіз;

4.3.2 Электр көлікті осы Келісімге, Жүргізу ережелеріне, Қауіпсіздік жиынтығына, Қосымшада көрсетілген нұсқаулықтар мен пайдаланушы нұсқаулықтарына, сондай-ақ Сіздің Қызмет көрсету аймағыңыздағы шарттарға сәйкес пайдалануға;

4.3.3 Өз тарапыңыздан бұғаттан шығарылған Электр көлікті өзге тұлғаларға пайдалануға бермеуге (осы Келісімде анықталған Топтық сапар жағдайларын қоспағанда);

4.3.4 Электр көлікті жалға алу мерзімі ішінде сақтауға және оған толық жауапкершілік алуға, сондай-ақ оны Қосымшада көрсетілген тұрақ ережелеріне, Электр көліктің түріне және Жергілікті заңнамаға сәйкес рұқсат етілген тұрақ аймағына («**Рұқсат етілген тұрақ аймағы**») бастапқы күйінде қайтаруға міндетті екеніңізге. Егер Электр көлік зақымдалған немесе жарамсыз күйде қайтарылса және мұндай зақым немесе жарамсыздық Сіздің заңсыз әрі кінәлі әрекеттеріңіздің салдарынан орын алғаны анықталса, онда Сізге 5.7.2-бөліміне сәйкес жөндеу құнына тең төлем есептеледі.

4.4 Егер Электр көлік жалға алу кезінде қуатын жоғалтса, Сіз сапарды Қосымшадағы нұсқаулықтар мен осы Келісімнің талаптарына сәйкес аяқтап, Электр көлікті Рұқсат етілген тұрақ аймағына қоюыңыз қажет.

4.5 Жол-көлік оқиғасы, соқтығысу, зақымдану, жеке жарақат алу, Электр көліктің ұрлануы

немесе жоғалуы сияқты жағдайлар туындаған жағдайда, Сіз бұл туралы қауіпсіздікке зиян келтірмейтіндей мүмкін болған сәтте Бізге 10.1-бөлімге сәйкес хабарлауға міндеттісіз. Егер оқиғада жеке жарақат, мүліктік залал немесе Электр көліктің ұрлануы орын алса, Сіз бұл туралы 24 сағат ішінде жергілікті полиция бөлімшесіне арыз түсіруіңіз қажет.

4.6 Белгілі бір Қызмет көрсету аймақтарында, Біз Сізге («**Иесі**») бір уақытта бірнеше Электр көлікті өз Тіркеулік жазбаңыз арқылы бұғаттан шығарып, қонақ пайдаланушылардың («**Қонақтар**») топтық сапарға («**Топтық сапар**») қатысуына мүмкіндік беруіміз мүмкін. Топтық сапар мүмкіндігі Қосымшада оның қолжетімділігіне қарай көрсетіледі. Иесі жеңілдіктер, акциялар және басқа да бонустар немесе ынталандырулар Топтық сапарға қолданылмайтынын мойындайды. Топтық сапарды пайдалану арқылы Иесі келесілерге келісіп, міндеттенеді:

4.6.1 Әр Қонақ осы Келісімнің, Біздің Құпиялылық саясатымыздың, Жүргізу ережелерінің және Қауіпсіздік жиынтығының барлық қолданылатын ережелерімен жеке өзі танысып, келісуі және оларды орындауы үшін өзінің мобильді құрылғысын Қонаққа ұсынуға;

4.6.2 Барлық Қонақтардың кемінде 18 жаста екеніне (егер Қызмет көрсету аймағында Электр көліктерін шектеулі түрде пайдалану үшін жас шектеуі төмендетілмеген болмаса), сондай-ақ жоғарыда көрсетілген 3.1.4 және 3.1.5 бөлімдеріндегі жарамдылық талаптарына сай келетініне көз жеткізуге;

4.6.3 Топтық сапар барысында көрсетілген Қызметтерге байланысты барлық төлемдер мен алымдарды Иесінің Тіркеулік жазбаларына байланыстырылған Таңдалған төлем әдісімен төлеуге бізге рұқсат етуге;

4.6.4 Қолданыстағы заңнамада рұқсат етілген шектерде Қонақтардың Қызметтерді пайдалану барысында заңсыз немесе кінәлі әрекеттерінен туындаған кез келген зақым, шығын немесе жарақат үшін толық жауапкершілік алуға;

4.6.5 Топтық сапар барысында бұғаттан шығарылған Электр көліктерді пайдалану нәтижесінде немесе Қонақтардың Электр көлікті дұрыс тұраққа қоймауы, не заңды, ережені, нормативті немесе жергілікті актіні бұзуы салдарынан туындаған айыппұл, төлем, өсімпұл және/немесе өзге де барлық шығындар үшін (бірлесіп «**Қонаққа салынған санкциялар**») толық жауапкершілік алуға. Сіз Бізге өзіңіздің НЕМЕСЕ Қонақтың атыңыздан салынған Қонақ санкцияларын тікелей төлеуге рұқсат бересіз және бұл сомаларға қоса, Бізге 20 000 тенгеден аспайтын әкімшілік алым («**Әкімшілік алым**») шеңберінде өтеу міндеттемесін мойындайсыз.

4.7 Volt компаниясы Сізге межелі жеріңізге жету үшін ең ыңғайлы және тиімді бағытты ұсынуға барынша күш салады, алайда:

4.7.1. таңдалған бағыт барлық жағдайларда ең жылдам немесе оңтайлы болады деген кепілдік берілмейді; және

4.7.2 келесі себептерге байланысты бағыт пен Қызметтер үнемі көрсетіледі деп кепілдік берілмейді:

4.7.2.1. техникалық ақаулар, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей: жүйені жаңарту, GPS сигналының жоғалуы немесе ақауы, Қосымшаның бұзылуы немесе бағдарламалық қатесі, серверің істен шығуы немесе киберқауіпсіздікке байланысты оқиғалар, сондай-ақ көліктің борттық жүйесінің электрмен жабдықталуындағы ақау;

4.7.2.2. байланыс және желі мәселелері, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей: мобильді желі үзілістері немесе қызмет провайдерінің жұмысының тоқтауы, Пайдаланушы құрылғысының сәйкес келмеуі немесе бағдарламалық жасақтамасының ескіруі;

4.7.2.3. сыртқы немесе экологиялық факторлар, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей: қолайсыз ауа райы жағдайлары (мысалы, дауыл, тұман, қар), табиғи апаттар (жер сілкінісі, су тасқыны), жолдардың жабылуы, жол-көлік оқиғалары немесе қоғамдық іс-шараларға

байланысты шектеулер, үкімет тарапынан енгізілген шектеулер (мысалы, коменданттық сағат, төтенше жағдай шаралары);

4.7.2.4. Пайдаланушы тарапынан туындаған мәселелер, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей: межелі жерді дұрыс не толық емес енгізу, пайдаланушы құрылғысында геолокация қызметінің өшірілуі, Қосымшаны жаңартпауы;

4.7.2.5. құқықтық және реттеушілік шектеулер, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей: жергілікті жол қозғалысы немесе көлік туралы заңдарға сәйкес шектеулер, уәкілетті органдармен енгізілген уақытша тыйымдар немесе тоқтатулар; немесе

4.7.2.6. Bolt компаниясының бақылауынан тыс өзге де мән-жайлар.

4.8 Bolt компаниясы Электр көліктерінің жақсы техникалық күйде болуын және оларды пайдалануға брондау мүмкіндігін тұрақты түрде қамтамасыз ету мақсатында барлық орынды шараларды қабылдайды. Мұндай шараларға, бірақ олармен шектелмей, мыналар кіруі мүмкін:

4.8.1. Электр көліктерін қуаттау үшін оларды геолокация деректері негізінде жинау;

4.8.2. Электр көліктерінің зақымдалғанын анықтау және жөндеу; және

4.8.3. Электр көліктерінің жағдайын, жұмысын және функцияларын тексеру.

4.9 Bolt компаниясы Пайдаланушыға Қызметтерге қатысты кері байланыс ұсыну мүмкіндігін береді, оның ішінде сауалнамалар мен сұхбаттар арқылы.

4.10 Bolt компаниясы уақыт өте келе белгілі бір қалалармен немесе мемлекеттік органдармен бірлесе отырып Қызметтер бойынша жеңілдік бағдарламаларын және өзге де акцияларды ұсынуы мүмкін. Егер Пайдаланушы талап етілетін растайтын ақпаратты ұсыну арқылы ұсынысқа қатысу талаптарына сай келсе, Bolt компаниясы осы өтінімді қарастырады және өз қалауы бойынша тиісті жеңілдікті қолдануы мүмкін.

4.11 Bolt компаниясы Пайдаланушының, олардың Тіркеулік жазбасының және Қосымшаның қауіпсіздігін (физикалық, қаржылық, ақпараттық және т.б.) қамтамасыз ету үшін барлық ақылға қонымды шараларды қабылдайды. Бұл шаралар мен рәсімдер Пайдаланушы тарапынан Құпиялылық саясатында көрсетілген тәртіпте орындалуы және сақталуы тиіс:

4.11.1. қосарлы (тандем) сапарларды анықтау;

4.11.2. қауіпті жүргізуді анықтау жүйесі;

4.11.3. дұрыс қойылмаған Электр көліктерін хабарлау жүйесі;

4.11.4. ParkAssist тұрақ жүйесі;

4.11.5. мас күйде жүруді анықтау тесті;

4.11.6. көліктегі бейнекамералар;

4.11.7. ескерту беру және Тіркеулік жазбаны уақытша бұғаттау, сондай-ақ бұған қатысты талаптарды орындау;

4.11.8. техникалық ақаулардың алдын алу және оларды жою;

4.11.9. алаяқтық және өзге де заңсыз әрекеттерді анықтау, тергеу, жою және алдын алу;

4.11.10. өзге де тиісті шаралар мен рәсімдер.

4.12 Bolt компаниясы Қызметтерді және өз серіктестерінің қызметтерін Сіздің қалауларыңызға сәйкес жарнамалау және нарыққа жылжыту құқығын өзінде қалдырады. Bolt компаниясы және оның серіктестері жарнама науқандарының тиімділігін аналитика және қадағалау технологиялары арқылы өлшей алады. Маркетинг мақсаттарында Bolt компаниясы Сіздің жеке деректеріңізді пайдаланып, Сізге электрондық пошта, мәтіндік хабарлама (соның ішінде WhatsApp), push-хабарлама, Қосымша ішіндегі хабарлама және басқа да электрондық тәсілдермен хабарламалар жібере алады. Бұл хабарламалар Bolt компаниясының немесе оның серіктестерінің өнімдері, қызметтері, мүмкіндіктері,

ұсыныстары, акциялары, ұтыс ойындары, жаңалықтары мен іс-шараларын жарнамалап, оларды Сізге бейімдеп ұсына алады.

Bolt компаниясы электрондық пошта хабарламаларымен өзара әрекеттестікті, мысалы, хат ашу, сілтемені басу, бақылау және науқан нәтижелерін бағалау үшін пикселдер, cookie файлдары және ұқсас технологияларды қолдануы мүмкін.

Bolt компаниясы Қосымшаны пайдалану бойынша деректеріңізді анонимді әрі жиынтық түрде талдап, қорытынды түсініктер жасай алады. Мұндай түсініктер жыл соңында маркетингтік шолу науқаны аясында Сізге ұсынылуы мүмкін (мысалы, «Жыл қорытындысы» науқаны).

4.13 Bolt компаниясы Қызметтердің сапасын, функционалдығын және өнімділігін арттыру үшін барлық ақылға қонымды шараларды қабылдайды. Мұндай шараларға зерттеу, тестілеу, деректерді талдау, өнімді әзірлеу және техникалық оңтайландыру жатады, бірақ олармен шектелмейді. Bolt компаниясы өз қызметін, соның ішінде Қызметтерді қайта құрылымдауы немесе өзгертуі мүмкін.

5. Төлем және алымдар

5.1 Қызметтерімізді, мүмкін болған жағдайда, Негізгі абонемент немесе Топтамалық абонемент негізінде пайдалана аласыз. Электр көлікті және Қызметтерді пайдаланғаныңыз үшін Сізден Тариф кестесіне және Электр көліктің түріне сәйкес төлем алынады. Электр көлікті пайдалану Сіз Қосымшада «Бұғаттан шығару» батырмасын басқан сәттен басталып, Қосымшадағы «Сапарды аяқтау» (немесе соған ұқсас) батырмасын басқан сәтте аяқталады. Біздің тарифтеріміз бен өзге де төлемдерге тиісті салықтар мен жергілікті мемлекеттік алымдар қолданылуы мүмкін, және оларды Біз өндіріп, жинай аламыз.

5.2 Белгілі бір Қызмет көрсету аймақтарында Сіз Қызметтерді Топтамалық абонемент арқылы сатып алу мүмкіндігіне ие бола аласыз. Сатып алуды аяқтамас бұрын, Топтамалық абонементке қолданылатын шарттар, шектеулер және бағалау талаптары Қосымшада анық және көрнекі түрде көрсетіледі. Сатып алу алдында Сіз бұл шарттармен танысып, олармен келісуіңіз керек. Топтамалық абонементтер жарнамалық ұсыныстармен, марапаттармен немесе басқа жеңілдіктермен бірге пайдаланылмайды. Топтамалық абонементті сатып алу Қызметтердің қолжетімділігіне кепілдік бермейді. Топтамалық абонементтер сатып алу кезінде көрсетілген шарттар мен бағалау талаптарында белгіленген күні аяқталады.

5.3 Белгілі бір Қызмет көрсету аймақтарында Топтамалық абонементтер автоматты түрде жаңартылатын жазылым ретінде сатып алынуы мүмкін. Сатып алуды аяқтамас бұрын Біз жаңарту мерзімінің ұзақтығы (мысалы, апталық, айлық), жазылым бағасы (қолданыстағы салықтарды қоса алғанда), сондай-ақ жазылымнан бас тарту тәртібі туралы толық ақпаратты ашып көрсетеміз. Сатып алуды аяқтап, растайтын келісім беріп («Жазылу» немесе соған баламалы батырманы басу арқылы) Сіз Таңдалған төлем әдісіңіз арқылы әр жаңарту кезеңінің басында жазылым үшін ақы алынатынын растайсыз және келісесіз. Сондай-ақ Сіз Бізге, жазылымнан бас тартқанға дейін, әр жаңарту кезеңі үшін сол сәттегі қолданылатын мөлшерлеме бойынша төлем алуға рұқсат бересіз. Жазылымнан бас тарту үшін Қосымшадағы «Жазылымдар» бетіне өтіп, кез келген уақытта оны тоқтатуға болады. Келесі жазылым кезеңі үшін төлем алынбауы үшін, ағымдағы жазылым кезеңінің аяқталуына кемінде 24 сағат қалғанда бас тарту қажет. Бас тартқаннан кейін Сізге электрондық пошта немесе Қосымша арқылы растайтын хабарлама жіберіледі. Белсенді немесе ішінара пайдаланылған Топтамалық абонементтер қайтаруға жатпайды, егер қолданыстағы заңнамада өзгеше көзделмесе. Егер жазылым шарттары өзгертін болса

(оның ішінде баға, қамтылатын қызметтер немесе жаңарту шарттары), Біз бұл туралы қолданыстағы заңнамаға сәйкес Сізге алдын ала хабарлаймыз.

5.4 Сізде Топтамалық абонементті сатып алған күннен бастап 14 (он төрт) күн ішінде себептерін түсіндірмей-ақ, төмендегі 5.5-бөлімге сәйкес бас тарту құқығы болуы мүмкін. Егер Сіз Топтамалық абонементтен бас тартқыңыз келсе, Сіз (i) осы Келісімнің B қосымшасында берілген үлгі нысанды пайдалана аласыз; немесе (ii) 10.1-бөлімге сәйкес Бізбен байланыса отырып, Топтамалық абонементтен бас тарту туралы нақты шешіміңізді білдіретін айқын мәлімдеме ұсына аласыз.

5.5 Егер Сіз Топтамалық абонементті сатып алғаннан кейінгі 14 (он төрт) күндік бас тарту мерзімі ішінде іске қоссаңыз (бұл дегеніміз Сіз Қызметтердің көрсетілуі дәл осы күннен басталуын және мерзім аяқталғанға дейін басталуын нақты түрде сұрайсыз), онда бас тарту құқығыңыздан ашық түрде бас тартасыз.

5.6 Біз науқандық купондар немесе кодтар («**Промо-кодтар**») шығара аламыз, оларға әрбір жеке промо-код бойынша белгіленетін қосымша шарттар қолданылуы мүмкін. Біз кез келген уақытта және өз қалауымыз бойынша Промо-кодтарды өзгерту немесе жою құқығын өзімізде қалдырамыз. Егер Промо-кодтарды пайдалану немесе өтеу қате, алаяқтықпен, заңсыз немесе Промо-код шарттарына не осы Келісімге қайшы жүзеге асырылған деп негізді түрде есептесек, Біз Промо-кодтарды және Қосымшаны пайдалануыңызды кез келген уақытта тоқтата немесе жоя аламыз.

5.7 Егер Сіздің Тіркеулік жазбаңыз арқылы бұғаттан шығарылған Электр көлік:

5.7.1 Рұқсат етілген тұрақ аймағынан тыс жерде қойылған болса, онда Біз өз қалауымыз бойынша, 60 000 тенгеге дейінгі мөлшерде алып кету үшін төлем (айыппұл) ала аламыз. Бұл сома біздің алып кету шығындарымызға және соған байланысты залалдарға негізделеді;

5.7.2 қалыпты тозудан тыс зақымдалған, жөндеуді қажет ететін жағдайда немесе вандализм салдарынан бүлінген болса, онда Біз өз қалауымыз бойынша, Электр көлікті және оған бекітілген жабдықты жөндеу немесе ауыстыру құнына тең төлемді Сізден ала аламыз;

5.7.3 ескерусіз қалдырылған болса, онда Электр көлік табылғанға дейінгі барлық төлемдерге қосымша, Сізден іздеу үшін 70 000 тенгеге дейінгі мөлшерде төлем (айыппұл), сондай-ақ Қосымшада көрсетілген максималды сапар құны өндіріп алынады. Бұл сома Электр көлікті табуға кеткен уақытқа байланысты есептеледі және біздің нақты шығындарымызға негізделеді;

5.7.4 48 сағат ішінде табылып немесе қайтарылмаған болса (яғни, сапар аяқталмаған және Электр көлік дұрыс тұраққа қойылмаған болса), біз өз қалауымыз бойынша Электр көлікті жоғалған немесе ұрланған деп есептей аламыз. Бұл жағдайда біз әр Электр көлік үшін 300 000 тенгеге дейін төлем (айыппұл) өндіріп ала аламыз және Сізге қатысты полицияға арыздануымыз мүмкін;

5.7.5 Жүргізу ережелерінің 3-бөліміне сәйкес дұрыс тұраққа қойылмаса және/немесе Қосымшада сұралған сәтте Сіз сапардың аяқталғанын анық көрсететін фотосуретті жасамасаңыз, біз Сізден 4 000 тенге мөлшерінде төлем (айыппұл) («**Тұрақты бақылау үшін төлем**») ала аламыз. Сіз Электр көлікті дұрыс тұраққа қоймау немесе сапардың соңында фотосурет түсірмеу осы Келісімді бұзу болып табылатынын мойындайсыз, және Тұрақты бақылау үшін төлем қоғамдық кеңістіктер мен тұрақ орындарын дұрыс пайдалану, басқа пайдаланушылар мен азаматтардың қауіпсіздігі мен ыңғайлылығын қамтамасыз ету үшін қажетті және негізделген шара екенін түсінесіз. Осы Шарттарға келісу арқылы Сіз бұл Тұрақты бақылау үшін төлемді Сіздің Таңдалған төлем әдісіңізден ұстап қалуға рұқсат бересіз.

